

Құрылтайшылардың Жалпы  
Жиналысының шешімімен Бекітілген  
(«09» маусым 2021 жыл  
хаттама №4)



Утвержден  
Общим собранием участников  
(протокол №4  
от «09» июня 2021 года)



**«Express Finance Group» Микроқаржы ұйымы  
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ**

**Товарищества с ограниченной ответственностью  
Микрофинансовая организация «Express Finance Group»**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жарғы «Express Finance Group» Микроқаржы ұйымы Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атауын, орналасқан жерін (одан әрі – Серіктестік), қалыптасу тәртібін және Серіктестік органдарының құзыретін, қайта ұйымдастыру шарттарын, оның қызметінің тоқтатылуын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына (одан әрі – заңнама) қайшы келмейтін басқа ережелерді анықтайды.

1.2. Серіктестік заңды тұлға болып табылады және заңнаманың негізінде жұмысшыларының орташа жылдық саны жүз адамнан аспайтын және орташа жылдық табысы үш жүз мың еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын кіші кәсіпкерлік субъектісі болып танылады.

1.3. Серіктестіктің атауы:

Мемлекеттік тілде:

Толық: «Express Finance Group» Микроқаржы ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қысқаша: «Express Finance Group» МҚҰ ЖШС.

Орыс тілінде:

Толық: Товарищество с ограниченной ответственностью Микрофинансовая организация «Express Finance Group».

Қысқаша: ТОО МФО «Express Finance Group».

1.4. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

1.5. Серіктестіктің орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, Абай даңғылы, 63 үй, 6 н.п.

## 2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Серіктестік заңды тұлға құқығын мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап иеленеді.

2.2. Серіктестіктің оқшау мүлкі бар, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды мен міндеттерді иеленеді, дербес балансы, банктік шоттары, толық фирмалық атауы бар мөрі, фирмалық бланкілері бар.

2.3. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өзінің атынан мәмілелер жасауға (шарттар, келісім-шарттар), мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алуға, сотта талапкер немесе жауапкер ретінде көрінуге, сонымен қатар заңнамаға қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий Устав определяет наименование, местонахождение Товарищества с ограниченной ответственностью Микрофинансовая организация «Express Finance Group» (далее - Товарищество), порядок формирования и компетенцию органов Товарищества, условия реорганизации, прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие действующему законодательству Республики Казахстан (далее - законодательство).

1.2. Товарищество является юридическим лицом и на основании законодательства признается субъектом малого предпринимательства со среднегодовой численностью работников не более ста человек и среднегодовым доходом не свыше трехсоттысячекратного месячного расчетного показателя.

1.3. Наименование Товарищества:

На государственном языке:

Полное: «Express Finance Group» Микроқаржы ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Краткое: «Express Finance Group» МҚҰ ЖШС

На русском языке:

Полное: Товарищество с ограниченной ответственностью Микрофинансовая организация «Express Finance Group».

Краткое: ТОО МФО «Express Finance Group».

1.4. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

1.5. Место нахождения Товарищества: Республика Казахстан, город Нур-Султан, Байконурский район, проспект Абая, дом 63, н.п. 6.

## 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ТОВАРИЩЕСТВА

2.1. Товарищество приобретает права юридического лица с момента государственной регистрации.

2.2. Товарищество обладает обособленным имуществом, приобретает имущественные и неимущественные права и обязанности, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, печать с указанием полного фирменного наименования, фирменные бланки.

2.3. Товарищество для достижения целей своей деятельности имеет право от своего имени заключать сделки (договоры, контракты), приобретать имущественные и личные неимущественные права и обязанности, выступать истцом или ответчиком в суде, а также осуществлять



2.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сонымен қатар өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

2.5. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша оған тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Серіктестік мемлекеттің борыштары бойынша жауап бермейді, мемлекет те Серіктестіктің борыштары үшін жауап бермейді.

2.6. Заңнамамен қарастырылған жағдайларды ескермегенде, Серіктестік өзінің Қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.7. Қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және олармен салынған салымдар құнының шектерінде, Серіктестіктің қызметімен байланысты болатын залалдар төуекелін көтереді.

### 3. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Серіктестіктің Құрылтайшылары (одан әрі – Қатысушы (лар)):

3.1.1. 1 қатысушы - Ким Евгений Романович, Қазақстан Республикасының азаматы, 02.12.1984 жылы туылған, Алматы қаласының тумасы, )

3.1.2. 2 қатысушы - Ли Вадим Викторович, Қазақстан Республикасының азаматы, Жамбыл облысының тумасы, жеке куәлік

### 4. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Қатысушылар құқылы:

4.1.1. Жарғымен және заңнамамен қарастырылған тәртіпте Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

4.1.2. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге құжаттамасымен, сонымен қатар Жарғымен қарастырылған тәртіпте, құпия сипаттағы ақпараттармен танысуға;

4.1.3. Жарғымен, қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімдерімен және заңнамамен сәйкес, Серіктестіктің қызметінен табыс алуға;

другие действия, не противоречащие законодательству.

2.4. Товарищество вправе создавать на территории Республики Казахстан и за рубежом филиалы и представительства, вступать в объединения (союзы) с другими юридическими лицами, а также быть участником иных юридических лиц.

2.5. Товарищество отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом. Товарищество не отвечает по долгам государства, равно как и государство не отвечает по долгам Товарищества.

2.6. Товарищество не отвечает по обязательствам своего Участника, за исключением случаев, предусмотренных законодательством.

2.7. Участник не отвечает по обязательствам Товарищества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Товарищества, в пределах стоимости внесенных им вкладов.

### 3. УЧАСТНИКИ ТОВАРИЩЕСТВА

3.1. Учредители (далее – Участник (и)) Товарищества:

3.1.1. Участник 1 – Ким Евгений Романович, гражданин Республики Казахстан, 02.12.1984 года рождения, уроженец города Алматы,

т.п.,  
3.1.2. Участник 2 – Ли Вадим Викторович, гражданин Республики Казахстан, уроженец Жамбылской области, удостоверение личности

### 4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ УЧАСТНИКОВ

4.1. Участники имеют право:

4.1.1. участвовать в управлении делами Товарищества в порядке, предусмотренном Уставом и законодательством;

4.1.2. получать информацию о деятельности Товарищества, в том числе знакомиться с бухгалтерской и иной документацией Товарищества, а также информацией, носящей конфиденциальный характер, в порядке, предусмотренном Уставом;

4.1.3. получать доход от деятельности Товарищества, в соответствии с Уставом, решениями Общего собрания участников и законодательством;



4.1.4. Серіктестік таратылған жағдайда, кредиторлармен есептескеннен кейін қалған мүлік бөлігінің құнын, немесе барлық Қатысушылардың келісімі бойынша осы мүліктің бөлігін заттай алуға;

4.1.5. Жарғымен және заңнамамен қарастырылған оның құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібінде дау айтуға.

4.1.6. Қатысушылар Жарғымен және заңнамамен қарастырылған басқа да құқықтарды иелене алады.

4.2. Қатысушы Серіктестікке қатысуын өзінің үлесін заңнамамен және Жарғымен қарастырылған тәртіпте иеліктен шығару жолымен тоқтатуға құқылы. Сонымен бірге Қатысушылар кез келген Қатысушының Серіктестіктің басқа Қатысушыларының сатып алудың артықшылықты құқығын сақтай отырып өз үлесін үшінші тұлғаларға сату құқығының бар екені жөніндегі келісімге келді.

4.3. Қатысушылар міндетті:

4.3.1. Серіктестіктің құрылтай құжаттарының талаптарын сақтауға;

4.3.2. Серіктестіктің құрылтай құжаттарымен қарастырылған тәртіпте, мөлшерлерде, тәсілдермен және мерзімдерде салымдар салуға;

4.3.3. заңнамамен қарастырылған жағдайлардан басқа, Серіктестікпен коммерциялық құпия деп жарияланған мәліметтерді жария етпеуге;

4.3.4. қатысушылар тізілімі жүргізілген жағдайда, Серіктестік Қатысушыларының тізімінің өзгеруі жөнінде атқарушы органға, сонымен қатар тіркеушіге жазбаша хабарлау.

4.4. Қатысушылар Жарғымен және заңнамамен қарастырылған басқа міндеттерді де көтере алады.

## **5. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

5.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты табыс алу болып табылады.

5.2. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Серіктестік қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

5.2.1. Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға микрокредит беру;

5.2.2. Қазақстан Республикасының резиденттерінен және резидент еместерінен қарыздар (азаматтардан кәсіпкерлік қызмет ретінде қарыз түрінде ақша тартуды қоспағанда) мен гранттар тартуды;

5.2.3. уақытша бос активтерді екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне орналастыруды;

4.1.4. получать, в случае ликвидации Товарищества, стоимость части имущества, оставшегося после расчетов с кредиторами, или по соглашению всех Участников часть этого имущества в натуре;

4.1.5. оспаривать в судебном порядке решения органов Товарищества, нарушающие его права, предусмотренные Уставом и законодательством.

4.1.6. Участники могут иметь другие права, предусмотренные Уставом и законодательством.

4.2. Участник вправе прекратить участие в Товариществе путем отчуждения своей доли в порядке, предусмотренном законодательством и Уставом. При этом Участники пришли к соглашению, что любой Участник имеет право на отчуждение своей доли третьим лицам с соблюдением преимущественного права покупки другими Участниками Товарищества.

4.3. Участники обязаны:

4.3.1. соблюдать требования учредительных документов Товарищества;

4.3.2. вносить вклады в порядке, размерах, способами и в сроки, предусмотренные учредительными документами Товарищества и законодательством;

4.3.3. не разглашать сведения, которые Товариществом объявлены коммерческой тайной, кроме случаев, предусмотренных законодательством;

4.3.4. письменно извещать исполнительный орган, а также регистратора, в случае ведения реестра участников, об изменении перечня Участников Товарищества.

4.4. Участники могут нести другие обязанности, предусмотренные Уставом и законодательством.

## **5. ЦЕЛЬ И ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТОВАРИЩЕСТВА**

5.1. Основной целью деятельности Товарищества является получение дохода.

5.2. Для реализации поставленной цели Товарищество осуществляет следующие виды деятельности:

5.2.1. предоставление микрокредитов физическим лицам, индивидуальным предпринимателям, юридическим лицам;

5.2.2. привлечение займов (за исключением привлечения денег в виде займа от граждан в качестве предпринимательской деятельности) и грантов от резидентов и нерезидентов Республики Казахстан;

5.2.3. размещение временно свободных активов на депозитах банков второго уровня;



5.2.4. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен микрокредитті қамтамасыз ету ретінде алынған кепілдегі мүлікті пайдалануды және оған иелік етуді;

5.2.5. кредиттік бюролардың, микроқаржы ұйымдарының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөнінде қызметтер көрсететін ұйымдардың және күзет қызметіне лицензиясы бар ұйымдардың акцияларын немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алуды;

5.2.6. меншікті мүлкін өткізуді;

5.2.7. микрокредиттер беру жөніндегі қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетуді;

5.2.8. меншікті мүлкін мүліктік жалға беруді (жалдауды);

5.2.9. лизинг қызметін іске асыруды;

5.2.10. микроқаржы ұйымдары қызметінің мәселелері жөніндегі арнайы әдебиетті ақпарат тасымалдағыштың кез келген түрінде өткізуді;

5.2.11. Қазақстан Республикасының резиденттері - сақтандыру ұйымдарының атынан және тапсырмасы бойынша сақтандыру агенті ретінде сақтандыру шарттарын жасасуды;

5.2.12. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық ақша эмитентінің агенті функцияларын іске асыруды;

5.2.13. хеджирлеу мақсатында жасалатын туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жасасуды жүзеге асыруға құқығы бар.

5.3. Серіктестік Жарғыда және «Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қызмет түрлерін ғана жүзеге асырады.

5.4. Серіктестік заңнамамен тыйым салынған қызметті жүзеге асыруға құқысыз.

5.5. Заңмен белгіленген тәртіпте алу қажет болатын лицензияның немесе рұқсаттың өзге түрін, біліктілік аттестатының (куәлігінің) болуын талап ететін қызмет түрлері сәйкесінше лицензияның немесе рұқсаттың өзге түрін, біліктілік аттестатын (куәлігін) алғаннан кейін жүзеге асырылады.

## **6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛКІ**

5.2.4. пользование и распоряжение залоговым имуществом, полученным в качестве обеспечения микрокредита в порядке, предусмотренном законами Республики Казахстан;

5.2.5. приобретение акций или долей участия в уставном капитале кредитных бюро, микрофинансовых организаций, организаций, оказывающих услуги по инкассации банкнот, монет и ценностей, и организаций, имеющих лицензию на охранную деятельность;

5.2.6. реализацию собственного имущества;

5.2.7. оказание консультационных услуг по вопросам, связанным с деятельностью по предоставлению микрокредитов;

5.2.8. сдачу в имущественный наем (аренду) собственного имущества;

5.2.9. осуществление лизинговой деятельности;

5.2.10. реализацию специальной литературы по вопросам деятельности микрофинансовых организаций на любых видах носителей информации;

5.2.11. заключение договоров страхования от имени и по поручению страховых организаций-резидентов Республики Казахстан в качестве страхового агента;

5.2.12. осуществление функций агента эмитента электронных денег в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

5.2.13. заключение на организованном рынке ценных бумаг сделок с производными финансовыми инструментами, совершаемых в целях хеджирования.

5.3. Товарищество осуществляет только те виды деятельности, которые предусмотрены Уставом и Законом Республики Казахстан «О микрофинансовых организациях».

5.4. Товарищество не вправе осуществлять деятельность, запрещенную законодательством.

5.5. Виды деятельности, требующие наличия лицензии или иного вида разрешения, квалификационного аттестата (свидетельства), которые необходимо получить в установленном законодательством порядке, осуществляются после получения соответствующей лицензии или иного вида разрешения, квалификационного аттестата (свидетельства).

## **6. УСТАВНЫЙ КАПИТАЛ И ИМУЩЕСТВО ТОВАРИЩЕСТВА**



6.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 235 000 000 (екі жүз отыз бес миллион) теңгені құрайды.

Ким Евгений Романович - жарғылық капиталдағы үлес – 50% (117 500 000 теңге);

Ли Вадим Викторович – жарғылық капиталдағы үлес - 50% (117 500 000 теңге).

6.2. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым тек қана ақша болуы мүмкін.

6.3. Жарғылық капиталды өзгерту тәртібі, сонымен қатар Серіктестік Қатысушыларының өздерінің үлестерін үшінші тұлғаларға табыстау тәртібі құрылтай келісім-шартымен және Жарғымен анықталады.

6.4. Қатысушылардың шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгеруі мүмкін.

6.5. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту келесі жолмен жүзеге асырылады:

6.5.1. Серіктестік Қатысушыларының қосымша салымдарымен;

6.5.2. Серіктестіктің жеке капиталының есебінен жарғылық капитал мөлшерін ұлғайтумен, соның ішінде резервтік капиталдың есебінен;

6.5.3. Серіктестіктің құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау.

6.6. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәтте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген ең төменгі мөлшерден төмен Серіктестіктің жарғылық капиталын азайтуға жол берілмейді.

6.7. Серіктестіктің мүлкі Қатысушылардың жарғылық капиталға салған салымдарының, қосымша жарналардың, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен алынған табыстардың есебінен, сонымен қатар қарызға алынған қаражаттардың және белгіленген тәртіпте Серіктестікпен сатып алынған немесе алынған өзге мүліктің есебінен құрылады.

## **7. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ**

7.1. Серіктестіктің жоғарғы органы қатысушылардың Жалпы жиналысы болып табылады.

7.2. Қатысушылардың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады:

7.2.1. Жарғыға өзгерістер енгізу, оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, немесе жаңа редакциядағы Жарғыны бекіту;

7.2.2. Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға табыстау

6.1. Уставный капитал Товарищества составляет 235 000 000 (двести тридцать пять миллионов) тенге.

Ким Евгений Романович – доля в уставном капитале – 50% (117 500 000 тенге);

Ли Вадим Викторович – доля в уставном капитале - 50% (117 500 000 тенге).

6.2. Вкладом в уставный капитал Товарищества могут быть только деньги.

6.3. Порядок изменения уставного капитала, а также порядок передачи Участниками Товарищества своих долей третьим лицам определяется учредительным договором и Уставом.

6.4. По решению Участников может быть изменен размер уставного капитала Товарищества.

6.5. Увеличение уставного капитала Товарищества может осуществляться путем:

6.5.1. дополнительных вкладов Участников Товарищества;

6.5.2. увеличения размера уставного капитала за счет собственного капитала Товарищества, в том числе за счет его резервного капитала;

6.5.3. принятия в состав Товарищества новых участников.

6.6. Уменьшение уставного капитала Товарищества ниже минимального размера, установленного действующим законодательством Республики Казахстан на момент его государственной регистрации, не допускается.

6.7. Имущество Товарищества образуется за счет вкладов Участников в уставный капитал, дополнительных взносов, доходов от хозяйственной и предпринимательской деятельности, а также за счет заемных средств и другого имущества, приобретенного или полученного Товариществом в установленном порядке.

## **7. ОРГАНЫ ТОВАРИЩЕСТВА**

7.1. Высшим органом Товарищества является Общее собрание участников.

7.2. К исключительной компетенции Общего собрания участников относятся:

7.2.1. изменение Устава, включая изменение размера его уставного капитала, места нахождения и фирменного наименования, или утверждение Устава в новой редакции;

7.2.2. образование исполнительного органа Товарищества и досрочное прекращение его полномочий, а также принятие решения о передаче Товарищества или его имущества в



туралы шешімдер қабылдау және осындай табыстаудың шарттарын анықтау;

7.2.3. қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

7.2.4. ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды бекіту;

7.2.5. Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктеріне қатысуы туралы шешім;

7.2.6. Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

7.2.7. тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

7.2.8. Серіктестік қатысушысынан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

7.2.9. Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге салу туралы шешім;

7.2.10. Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар салу туралы шешім;

7.2.11. Филиалдарды, өкілдіктерді және оқшауланған құрылымдық бөлімшелерді құру, қайта ұйымдастыру және тарату, олар туралы Ережелерді бекіту;

7.2.12. Серіктестіктің лауазымды тұлғаларын мүлдікті жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдау;

7.2.13. Серіктестікке Қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту жатады.

7.3. Қатысушылардың Жалпы жиналысы Серіктестіктің қызметімен байланысты кез келген мәселені қарастыруға қабылдауға құқылы

7.4. Қатысушылардың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Серіктестіктің атқарушы органының шешіміне берілуі мүмкін емес.

7.5. Атқарушы орган Қатысушылардың Жалпы жиналысымен тағайындалатын Бас директор болып табылады, ол оған есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

7.6. Бас директор Қатысушылардың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын барлық мәселелерде құзыретті, соның ішінде:

7.6.1. ағымдағы және келешекке арналған жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

7.6.2. Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімдерінің дайындалуын және орындалуын ұйымдастырады;

7.6.3. Қатысушылардың Жалпы жиналысымен ұсынылған шектерде,

доверительное управление и определение условий такой передачи;

7.2.3. утверждение финансовой отчетности и распределение чистого дохода;

7.2.4. утверждение внутренних правил, процедуры их принятия и других документов, регулирующих внутреннюю деятельность Товарищества;

7.2.5. решение об участии Товарищества в иных хозяйственных Товариществах;

7.2.6. решение о реорганизации или ликвидации Товарищества;

7.2.7. назначение ликвидационной комиссии и утверждение ликвидационных балансов;

7.2.8. решение о принудительном выкупе доли у участника Товарищества;

7.2.9. решение о залоге всего имущества Товарищества;

7.2.10. решение о внесении дополнительных взносов в имущество Товарищества;

7.2.11. создание, реорганизация и ликвидация филиалов, представительств и обособленных структурных подразделений, утверждение положений о них;

7.2.12. принятие решений о привлечении к имущественной ответственности должностных лиц Товарищества;

7.2.13. утверждение порядка и сроков предоставления Участникам товарищества и приобретателям долей информации о деятельности Товарищества.

7.3. Общее собрание участников вправе принять к рассмотрению любой вопрос, связанный с деятельностью Товарищества.

7.4. Вопросы, отнесенные к исключительной компетенции Общего собрания участников, не могут быть делегированы на решение исполнительного органа Товарищества.

7.5. Исполнительным органом является назначаемый Общим собранием Участников Генеральный директор, который подотчетен ему и организует выполнение его решений.

7.6. Генеральный директор компетентен во всех вопросах, не относящихся к исключительной компетенции Общего собрания Участников, в том числе:

7.6.1. обеспечивает выполнение текущих и перспективных рабочих программ;

7.6.2. организует подготовку и выполнение решений Общего собрания Участников;

7.6.3. распоряжается имуществом Товарищества, включая его денежные



Серіктестік мүлкіне, оның ақшалай қаражаттарын қоса алғанда, билік етеді;

7.6.4. Қатысушылардың Жалпы жиналысымен ұсынылған және осы Жарғымен анықталған өкілеттіктер шектерінде Серіктестік қызметінің мәселелері бойынша, мемлекеттік органдарды, соттарды қоса алғанда, ұйымдармен қарым-қатынастарда Серіктестікті ұсынады;

7.6.5. өзінің құзыреті шектерінде басқа қызметтерді орындайды.

7.7. Серіктестік Бас директорының өкілеттіктері:

7.7.1. Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді

7.7.2. Серіктестікті ұсыну құқығына сенімхаттар, соның ішінде қайта сенім арту құқығымен сенімхаттар береді;

7.7.3. Серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйелерін белгілейді, лауазымдық жалақы мен дербес үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

7.8. Серіктестік Бас директорына тыйым салынады:

7.8.1. Қатысушылардың Жалпы жиналысының келісімінсіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда табуға бағытталған мәмілелер (сыйға тарту, заем, тегін пайдалану, сатып алу-сату шарттарын және басқаларын қоса алғанда) жасауға;

7.8.2. Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуға;

7.8.3. үшінші тұлғалардың Серіктестікпен арадағы қатынастарында олардың атынан немесе мүдделері үшін әрекет жасауға;

7.8.4. Серіктестік қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға.

7.9. Тексеру жүргізу үшін сыртқы аудитор тартылуы мүмкін.

## **8. СЕРІКТЕСТІКТИҢ ТАЗА ПАЙДАСЫН БӨЛУ**

8.1. Серіктестіктің табысы оның бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілік негізінде айқындалады. Серіктестіктің бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысы қатысушылардың жалпы жиналысының шешіміне сәйкес бөлінеді.

средства, в пределах, предоставляемых Общим собранием Участников;

7.6.4. представляет Товарищество в отношениях с организациями, включая государственные органы, суды, по вопросам деятельности Товарищества в пределах полномочий, предоставленных Общим собранием Участников и определенных настоящим Уставом;

7.6.5. выполняет другие функции в пределах своей компетенции.

7.7. Полномочия Генерального директора Товарищества:

7.7.1. без доверенности действует от имени Товарищества;

7.7.2. выдает доверенность на право представлять Товарищество, в том числе доверенности с правом передоверия;

7.7.3. в отношении работников Товарищества издает приказы о назначении их на должность, об их переводе и увольнении, определяет систему оплаты труда, устанавливает размеры должностных окладов и персональных надбавок, решает вопросы премирования, принимает меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания;

7.8. Генеральному директору Товарищества запрещается:

7.8.1. без согласия Общего собрания Участников заключать с Товариществом сделки, направленные на получение от него имущественных выгод (договоры дарения, займа, безвозмездного пользования, купли-продажи и др.);

7.8.2. получать комиссионное вознаграждение как от самого Товарищества, так и от третьих лиц за сделки, заключенные Товариществом с третьими лицами;

7.8.3. выступать от имени или в интересах третьих лиц в отношениях с Товариществом;

7.8.4. осуществлять предпринимательскую деятельность, конкурирующую с деятельностью Товарищества.

7.9. Для проведения ревизий может быть привлечен внешний аудитор.

## **8. РАСПРЕДЕЛЕНИЕ ЧИСТОГО ДОХОДА ТОВАРИЩЕСТВА**

8.1. Доход Товарищества определяется по результатам его деятельности за один год на основании финансовой отчетности. Чистый доход, полученный Товариществом по результатам его деятельности за один год, распределяется в соответствии с решением Общего собрания Участников.



8.2. Серіктестік пайдасы материалдық және оған теңестірілген шығындарды және еңбекті төлеу шығындарын өтегеннен кейінгі Серіктестіктің шаруашылық қызметінен түскен түсімнен қалыптасады.

8.3. Серіктестіктің барлық жарғылық капиталы толығымен төленгенге дейін қатысушылардың пайда алуға құқығы жоқ.

8.4. Өндірісті дамытуға және Серіктестіктің жалпы қажеттіліктеріне қаражаттарды бөлгеннен кейін қалған таза табыс бөлігі Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімімен сәйкес бөлінеді.

8.5. Серіктестік Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімімен анықталатын мөлшерде резервтік капиталды құра алады. Резервтік капиталды қалыптастыру Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімімен анықталатын мөлшерде Серіктестіктің таза табысынан жыл сайынғы аударымдар жолымен жүзеге асырылады. Егер резервтік капитал қаражаттары таусылған жағдайда, оған аударылатын аударымдар жаңартылады.

#### **9. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕРДІ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ**

9.1. Серіктестік Қатысушылардың Жалпы жиналысының талап етуі бойынша оның Қатысушыларының мүдделерін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

9.2. Серіктестік Қатысушыларының мүдделерін қозғайтын ақпарат болып танылады:

9.2.1. Серіктестік Қатысушыларымен,, атқарушы органымен, тексеру комиссиясымен (тексерушімен) қыбалданған шешімдер, және қабылданған шешімдердің орындалуы жөніндегі ақпарат;

9.2.2. Серіктестіктің жеке капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Серіктестікпен заем алу;

9.2.3. нәтижесінде Серіктестіктің жеке капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын Серіктестікпен ірі мәміле немесе жиынтығында өзара байланысқан мәмілелердің жасалуы;

9.2.4. Серіктестікпен қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға лицензиялар және

8.2. Доход Товарищества формируется из выручки от хозяйственной деятельности Товарищества после возмещения материальных и приравненных к ним затрат и расходов на оплату труда.

8.3. Участники не вправе получать доход до полной оплаты всего уставного капитала Товарищества.

8.4. Часть чистого дохода, оставшегося после выделения необходимых средств на развитие производства и общие нужды Товарищества, распределяется в соответствии с решением Общего собрания Участников Товарищества.

8.5. Товарищество может создать резервный капитал в размере, определяемом решением Общего собрания Участников. Формирование резервного капитала осуществляется путем ежегодных отчислений из чистого дохода Товарищества в размере, определяемом решением Общего собрания Участников. В случае если средства резервного капитала исчерпаны, то отчисления в него возобновляются.

#### **9. ПОРЯДОК И СРОКИ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ УЧАСТНИКАМ ТОВАРИЩЕСТВА И ПРИОБРЕТАТЕЛЯМ ДОЛЕЙ ИНФОРМАЦИИ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТОВАРИЩЕСТВА**

9.1. Товарищество обязано по требованию Общего собрания Участников представлять информацию о деятельности Товарищества, затрагивающую интересы его Участников.

9.2. Информацией, затрагивающей интересы Участников Товарищества, признаются:

9.2.1. решения, принятые Участником Товарищества, исполнительного органа, ревизионной комиссией (ревизора) Товарищества, и информация об исполнении принятых решений;

9.2.2. получение Товариществом займа в размере, составляющем двадцать пять и более процентов от размера собственного капитала Товарищества;

9.2.3. совершение Товариществом крупной сделки или совокупности взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается имущество на сумму, составляющую двадцать пять и более процентов от размера собственного капитала Товарищества;

9.2.4. получение Товариществом лицензий или иного вида разрешения, квалификационного аттестата



рұқсаттың өзге түрлерін, біліктілік аттестатын (куәлігін) алу, олардың әрекетін тоқтата тұру немесе тоқтату, сонымен қатар Серіктестікпен қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға бұрын алынған лицензиялардан және рұқсаттың өзге түрлерінен айыру;

9.2.5. Серіктестік мүлкіне тыйым салу;

9.2.6. нәтижесінде баланстық құны активтердің жалпы мөлшерінен он немесе одан көп пайызды құрайтын Серіктестік мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың орын алуы;

9.2.7. Серіктестікті және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

9.2.8. Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;

9.2.9. аудиторлық есеп (ол бар болған кезде);

9.2.10. сотта корпоративтік дау бойынша істер қозғау туралы ақпарат;

9.2.11. Жарғымен сәйкес, Қатысушының мүдделерін қозғайтын өзге ақпарат.

9.3. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат Қатысушыға оның атқарушы органға жазбаша сұратуы бойынша ұсынылады. Үлестерді сатып алушыларға Серіктестік қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі және мерзімі көлемі Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

9.4. Серіктестік қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралы - «Казахстанская правда» Республикалық газеті.

## 10. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

10.1. Серіктестіктің қызметін тоқтату қатысушылардың Жалпы жиналысының немесе соттың шешімі бойынша қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүргізіледі.

10.2. Серіктестік өзінің қызметін келесі негіздер бойынша тоқтатады:

10.2.1. егер жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері ең аз мөлшерден төмен болатын болса;

10.2.2. банкроттық кезінде;

10.2.3. Серіктестікті құру кезінде жол берілген жойылмайтын сипаттағы заңнаманы бұзушылықпен байланысты Серіктестіктің тіркелуін жарамсыз деп танылған кезде;

(свидетельства), на осуществление каких-либо видов деятельности и (или) совершение определенных действий, приостановление или прекращение их действий, а также лишение ранее полученных Товариществом лицензий или иных видов разрешений на осуществление каких-либо видов деятельности и (или) совершение определенных действий;

9.2.5. арест имущества Товарищества;

9.2.6. наступление обстоятельств, носящих чрезвычайный характер, в результате которых было уничтожено имущество Товарищества, балансовая стоимость которого составляла десять или более процентов от общего размера активов;

9.2.7. привлечение Товарищества и (или) его должностных лиц к административной ответственности;

9.2.8. решение о принудительной реорганизации Товарищества;

9.2.9. аудиторский отчет (при его наличии);

9.2.10. информация о возбуждении в суде дела по корпоративному спору;

9.2.11. иная информация, затрагивающая интересы Участника, в соответствии с Уставом.

9.3. Информация о деятельности Товарищества представляется Участнику по его письменному запросу исполнительному органу. Порядок представления, сроки и объем информации о деятельности Товарищества приобретателям долей устанавливаются Общим собранием Участников.

9.4. Средство массовой информации, используемое для публикации информации о деятельности Товарищества - Республиканская газета «Казахстанская правда».

## 10. ПРЕКРАЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТОВАРИЩЕСТВА

10.1. Прекращение деятельности Товарищества производится путем реорганизации или ликвидации по решению Общего собрания участников или суда.

10.2. Товарищество прекращает свою деятельность по следующим основаниям:

10.2.1. если в результате уменьшения уставного капитала его размер станет меньше минимального размера;

10.2.2. при банкротстве;

10.2.3. при признании недействительной регистрации Товарищества в связи с допущенными при его создании



10.2.4. тиісті рұқсаттарсыз (лицензияларсыз) қызметті немесе заңнамалық актілермен тыйым салынған қызметті, немесе заңнаманы бірнеше рет немесе ірі бұзушылықтармен қызметті жүзеге асырған кезде;

10.2.5. заңнамамен белгіленген жағдайларда, қайта ұйымдастыру кезінде;

10.2.6. заңнамалық актілермен қарастырылған өзге негіздер кезінде.

10.3. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.

10.4. Серіктестікті тарату Қатысушылардың Жалпы жиналысымен немесе сотпен тағайындалатын тарату комиссиясымен жүргізіледі. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап Серіктестіктің істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер соған өтеді.

10.5. Тарату қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

10.6. Бұл туралы заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистріне жазба енгізілген сәттен бастап тарату аяқталған, ал Серіктестік өзінің қызметін тоқтатқан болып саналады.

## **11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

11.1. Егер осы Жарғының қандай да бір ережелерінің бірі заңнамадағы өзгерістердің салдарынан немесе өзге себептерден күшін жоятын болса, онда бұл қалған ережелердің әрекеттерін тоқтатуға арналған себеп бола алмайды. Жарамсыз ереже құқықтық қатынастарда рұқсат етілетін және мәні жағынан ауыстырылған ережеге жақын ережемен ауыстырылуы тиіс.

11.2. Жарғы, сонымен қатар Жарғыны орындаумен байланысты туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес реттеледі және түсіндірілуге жатады.

11.3. Шартпен регламенттелген тәртіпте жасалынған қосымшалар, толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

11.4. Жарғы 3 (үш) түпнұсқа данамен жасалды.

нарушениями законодательства, которые носят неустранимый характер;

10.2.4. при осуществлении деятельности без надлежащего разрешения (лицензии) либо деятельности, запрещенной

законодательными актами, либо с неоднократным или грубым нарушением законодательства;

10.2.5. при реорганизации, в случаях, установленных законодательством;

10.2.6. при иных основаниях, предусмотренных законодательными актами.

10.3. Реорганизация Товарищества (слияние, присоединение, разделение, выделение, преобразование) производится в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан.

10.4. Ликвидация Товарищества производится ликвидационной комиссией, назначаемой Общим собранием Участников или судом. С момента назначения ликвидационной комиссии к ней переходят полномочия по управлению делами Товарищества.

10.5. Ликвидация осуществляется в порядке, предусмотренном действующим законодательством.

10.6. Ликвидация считается завершенной, а Товарищество прекратившим свою деятельность с момента внесения об этом записи в единый государственный регистр юридических лиц.

## **11. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

11.1. Если какое-либо из положений настоящего Устава утратит силу вследствие изменений в законодательстве или иных причин, то это не будет являться причиной для приостановки действия остальных положений. Недействительное положение должно быть заменено положением, допустимым в правовом отношении и близким по смыслу к замененному.


11.2. Устав, а также все правоотношения, возникающие в связи с исполнением Устава, регулируются и подлежат толкованию, в соответствии с законодательством Республики Казахстан.


11.3. Приложения, дополнения, совершенные в порядке, регламентированном Уставом, являются его неотъемлемой частью.

11.4. Устав составлен в 3 (трех) подлинных экземплярах.



Қатысушылардың қолтаңбалары / Подписи Участников

Участник 1  Ken Slesim Romanov  
(подпись) (фамилия, имя, отчество)

Участник 2  M. Begim Viktorov  
(подпись) (фамилия, имя, отчество)

